



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Деп сол кезде

Пулеметтен ажал отын төкті Айша[1, 40].

Айша бұл шайқаста жерімді қорғаймын деп жараланады. Бірақ оның жүрегінде лапылдап тұрған отты рух оны жеңілдірмейді.

Жыр бойында батырлық қан майданындағы сапын түзеген жауынгерлер арқылы да танылады:

Көтерілді енді қызыл қалың қол,

Жел өршіткен өрт секілді лапылдап[1, 40].

Олар елі мен жері, атамекені үшін жандарын аямай фашистермен кескілесіп шабуылдасты.

Сұм фашистер бірі өлсе,

Бірі өлмей

Ұмтылды!..

Қас батырлар қалай да –

Қасарысып,

Қойды ілгері жібермей[1, 24],-

деп жыр бойында автор қанды шайқастың шындық бейнесін көрсетіп, жауынгерлердің тылдағы жанқиярлық еңбегін ғажайып поэтикалық творчествасымен бейнелейді.

Адамдар да түрлі ұлттан құралған –

Бір-ақ тілек,

Бір-ақ мұрат,

Бір арман:

Фашист күнің қараң етіп-

Тездету жеңіс күнің[1, 27]!-

деп, автор соғыстағы ерлердің күш-қуаты көп ұлтты совет халқының мызғымас бірлігінде жатқанын көрсетеді.

І. Есенберлин батырлықтың тек қолға қару алып жауға қарсы аттануы ғана емес, сонымен қатар өне бойға біткен шексіз төзімділік пен өрлік, тылдағы әр минутта қыл үстінде тұрған өмірге мойынсұнушылық пен байсалдылық екенін жырлайды.

Неге ақын махаббат пен соғысты егіз жырлады дейсіңдер, себебі автор қаһармандыққа бастайтын күштің махаббат екенін көре білді. Оны жыр жолдарында да бізге аңғартады. «Сұлтан» поэмасының соңғы тармақтарына назар аударайық:

Ерлік не: Күш емес ол тастай берік

Батырлық о да емес сөзсіз ерлік.

Туады ерлік арман, өрт сезімнен

Жаралып махаббаттай көзсіз келіп![1, 74]

«Айша» мен «Сұлтан» дастандарының соңы өздері аттас басты қаһармандарының қанды шайқаста қаза табуымен аяқталады. Жойқын соғыста жауынгерлердің қаза табуы рухани жеңістің бастауы болды. Майдангерлердің ажал құшуы Ұлы Жеңісті жетеледі. Біз бұл жыр арқылы батырларымыздың Ұлы Жеңіс үшін арыстандай арпалысып, қасық қаны қалғанша шайқасқанына куә болдық. Автор батырларымыз қаза болса да, ерліктері қаза болмайтынына, мәңгілік еліміздің жүрегінде сақталатынына, болашақ жастарға өнеге болатынына сеніммен қарайды.

Қолданылған әдебиет

1. Есенберлин І. Он томдық шығармалар..Т.10:.. Дастандар..-1988. 14-76 бб..
2. Жапанова, М.Е. Конфликт и характер в произведениях Ильяса Есенберлина: автореф. дис.. ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.- Астана, 2001. 8-11 бб..

ОӘК 821.512.122-13.09

СМАҒҰЛ САДУАҚАСҰЛЫНЫҢ АБАЙТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ

ЕҢБЕГІ

Аксакова Құралай Рашитовна

kira03-94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті ФҚТ-31 бөлімінің студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ.Кемеңгер

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Смағұл Садуақасұлы (1900–1933) – білімділігімен, парасаттылығымен, ұлтына риясыз қызмет істеу өнегесімен танылған қазақ тарихындағы айрықша тұлғаның бірі. Ол жастардың жарқын болашағы үшін, ұлт теңдігі үшін, өндіріс пен шаруашылықты дамыту үшін табанды күрес жүргізді. Замандастары тарапынан “Біздің Кенесары” атанды, қанқұйлы Ф.Голощекиннің геноцидін алдын ала сезіп, оған ашық қарсылыққа шықты. Өзі өмір сүрген заманның сан салалы әлеуметтік, тұрмыстық мәселелеріне зер салып, соларға мақалалар арнады. Алғашқы болып ұлт театрын ұйымдастырды.

Қайраткер Смағұл, сонымен қатар, көрнекті көсемсөзші, білікті әдебиет зерттеушісі де болды. Әдебиетші ретінде үлкен еңбек сіңірген С.Садуақасұлы өткен ғасырдың 20-шы жылдары Абай мен Сұлтанмахмұт Торайғырұлы өлеңдерін жинатып, Бейімбет Майлин, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезұлы әңгімелерін орыс тіліне аударды. Өзі де қаламнан қол үзбей, “Сәрсенбек” романын, “Салмақбай-Сағындық”, “Күміс қоңырау” повестерін, “Өртең”, “Салмақбай, Махамбет”, “Аптономия” әңгімелерін, көптеген әдеби-сын мақалаларын, танымдық еңбектерін жазды. Бұл туралы белгілі алаштанушы ғалым, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Дихан Қамзабекұлы өзінің монографиялық еңбегінде тиянақты жазды [1].

Абайтанушы ретінде С.Садуақасұлының еткен еңбегі қандай болмақ? Ең алдымен, қайраткердің 20-жылдары Абай жазғандарын тірнектеп жинауға мамандарды жұмылдырғанын ескеруіміз қажет. Одан барып өзі өмір сүрген тұста қазақ әдебиеті жайлы жазған мақалаларында Абай және оның өмірі, ортасы, заманы, ақындығы мен поэзия мәселелерін қарастырғанын айтамыз.

С.Садуақасұлы «Қазақ әдебиеті» мақаласында сол дәуір тұрғысынан әдебиетіміздің күй-жайына шолу жасайды. Қазақ арасында кең атаққа ие болған Шөже, Біржан сал, Сара сынды әнші-жыршыларымыз туралы, «Мәшһүр» атанған Ж.Көпеев туралы, Абай жайлы, қазақ зиялылары жөнінде сөз қозғайды. Абай мен оның поэзиясына кеңінен тоқталады. Ұлы ақынның өлеңдерін барлай келе, олардың басты көтерген мәселесіне өзінше ой білдіреді.

Қазіргі таңда жаңа үлгідегі жазба әдебиетіміздің негізін салушы Абай деп танимыз. Ал С.Садуақасұлы қазақ жазба әдебиетінің басында тұрған тұлға ретінде «Мәшһүр» атағына ие болған Ж.Көпеевті санайды. Абайдың көзі тірісінде оның өлеңдері жарияланбай, өзі де қалың қазаққа аса танымал болмаған еді. Ал Мәшһүр Жүсіп Көпеев болса, Абайдың поэзиясына алғаш рет зор ілтипат көрсеткен және оны тұңғыш ауызға алған адам еді. Мақала авторы Мәшһүр Жүсіпті жазба әдебиетін әкелуші ретінде таныса, Абайды оны жалғастырып, биік деңгейге жеткізуші ретінде сипаттайды: «Абай поэзиясы қазақ халқының әдебиетіне ұшан-теңіз ықпал етіп, оның бұдан былайғы бағыт-бағдарын айқындап береді. Сондықтан мен Абай туралы, оның өмір сүрген уақыты туралы бірер сөз айтқым келеді» [2, 321].

Смағұл Садуақасұлы әрі қарай ғұламаның өміріне қатысты деректерге тоқталып өтеді. Абайдың өмір сүрген заманы жайлы келесідей сөз қозғайды: «...бұл «оқымысты» қазақтардың бәрі өз халқының тағдырына енжар қарап, көпшілігі жалтыраған шекпенді армандаудан әрі аса алмады. Сондықтан мүмкіндік туған сәтте-ақ шенеунік болып жылтырақ түймемен шектеледі. Ал енді шенеунікке де жетпеген енді бір тобы өз үйінде отырып, ақтаушылық қызметпен шұғылданды. Олар әдетте біреулерге арыз-шағым жазып беріп, болыстардың хатшысы болып жүрді. Ал ел ішінде билік үшін дау-жанжал, талас-тартыс толастамай, болыстыққа ұмтылу күшейе берді. Мұның өзі әкімшіліктердегі орыс

адамдарының алдын алып, пара беріп, сайлаушылардың аузын алумен астасып жатты» [2, 321].

Ахмет Байтұрсынұлы Абайға арнап жазған «Қазақтың бас ақыны» мақаласында ұлы ақын өмір сүрген заман шындығын былай суреттейді: «Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың (таспен) би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген. «Білімнен мал артық болушы ма еді», - деп, Абай жұрттың онысына көнбей, таласқан» [3, 398].

Осылайша, Ахмет те, Смағұл да сол заманның саяси мәселесіне көз жүгіртіп, «оқымысты азаматтардың» ортасындағы Абайдың өзгешелігін, сотқар, паракор әкім-болыстардан жаратылысы бөлек екенін танытады. С.Садуақасұлы сондай парықсыздарды Абайдың единициға балап, үлкен сынға алғанын көрсетеді: «Ол өз өлеңдерінде зиялыларды қасқырға, ал қараңғы халықты малға теңейді. Елдің басшыларын бір деп алып, қараңғы халықты нөлге санайды.

Единица жақсысы,

Ерген елі бейне нөл.

Единица кеткенде,

Не болады өңкей нөл? [2, 321],-

дейді. С.Садуақасұлы ұлы ақынның өлеңдерін саралай келе, оның шығармаларындағы қозғалған өзекті мәселелерді, оның өлеңдерінің маңыздылығын жазады. Сонымен қатар, Абайдың сөз өнерін жоғары бағалап, дәрежесін биік деңгейге көтергенін, ақын-жазушылар үшін де үлкен талаптар қойып әсер еткенін, қазақ әдебиетіміздің эстетикалық талап-талғамын қалыптастырған тарихи тұлға екенін айтады.

«Сол тұстағы қазақ халқының ауыр халі ел билеуші белсенділерден патша өкіметінің бишігештерінен көрген жәбір-жабасы Абайдың «мөлтілдеген көз жасына» шағылып сыртқа шығады. Оның тілі ғажайып көркем. Бұл тұрғыдан оған қазақ жазушыларының арасында тең келетіні жоқ» [2, 322],- деп Абайдың ұлылығын, данышпандығын, тілінің өткірлігі мен көркемдігін сөз етеді.

Смағұл Садуақасұлы «Ұйымның әйелге көзқарасы» мақаласында қазақ баласының, мейлі кедей, мейлі бай болсын, қанына сіңіп кеткен есепшілдікті өткір сынға алады. Осы ретте қыздардың бай баласына тиетіннің себебін Абай сөзімен келтіреді: «Жұрт мақтаған жігітті қыз жақтаған»...Бай баласын барлық жұрт «мырза» дегенде, оның келіншегін де бос қалдырмайды» [4, 29].

«Қазіргі дәуір – іс дәуірі» деп аталатын мақаласында ескілік пен жаңа пікір мәселесін ортаға салып, «Жаңа пікір деп нені айтамыз? Біреудің ойлап тапқанын жаңа пікір дей аламыз ба? Жаңа пікір ескілікті ығыстыра алады дей аламыз ба? деген өткір сұрақтар қояды. Оған Абай сынды ұлы ақынды дәйекті мысал ретінде келтіре отырып, ұтымды дәлелдермен жауап қайтарады. Ол «Мысалы, біреу Абайды күйдіріп, өртеп жіберу керек дейді екен. Себебі, Абай ескі, ол бұрын болған, бізге жаңа керек. Бұл сықылды пікірге жаңа пікірлі жастар қалай қарауы керек? Бұл пікір сырттан қарағанда, рас, жаңа сықылды. Бірақ бұның негізі дұрыс емес. Біз ескіге қарсы болғанда оның шын шіріген, ескірген жеріне қарсымыз. Осы күнгіні гүлдендірудің орнына бүлдіретін, шірітетін, ілгері басуға бөгет болатын жеріне қарсымыз, - деп нақты, дәл, көңілге қонымды жауап береді. Ақын Абай шығармашылығы жөніндегі таласты мәселеге орнықты пікір білдірді. «Абайдың сабақ болатын жері бар. Абай – анық ақын. Абай әдемі сөздің ұстасы. Абайдан біз әдемі сөзге үйренуіміз керек. Абай құр ақын ғана емес, ол белгілі заманның адамы, заманынында болған кертартпалылыққа, бұзақылыққа Абай қарсы болған. Оның сынаған, оның мінеген тұрмысы осы күні, әрине, өзгерді, бірақ әлі өзгермеген, жетпеген жерлері де бар. Олай болса, осы күнгі кем-кетіктерімізбен күресу жолында Абайдың іске асатын сөздері әлі толып жатыр. Біз «ескі», «жаңа» сөздерінің арасын тым жадағай, құрғақ түсінбеуіміз керек» [5, 294-295],- деп жазды.

Осы жолдар арқылы Абайды ескішіл ақын, феодализм, байшыл қоғам ақыны деген

әлеуметтік сындардан қорғап алып, Абайдың дүниетанымы, ақындығы, поэзиясы жайында толымды ойлар айтады.

Әдеби мұра жайында, оның ішінде «ескілік» сөз турасында Ыдырыс Мұстамбайұлы «Абай» сын-айтысында қозғаған болатын. Ыдырыс Мұстамбайұлы да Смағұлмен бір пікірлес. Ол: «Дап-дайын тұрған, даладан тегін тауып алатын ештеме жоқ. Жаңа ескіден құралады. Ескіні құрастырып қорытып «кәрі» тарих жаңа шығарады» [5, 95],- деп ескіден безбеу керек, керісінше одан үйрену керек, пайдалысын дамыту керек деп ашына сөз айтты. Ол, әсіресе, Абайды жоққа шығарушыларды, оны «өр көкірек, «ұрдық-жыр» деп ойлаушыларды үлкен сынға алды. Абайдың бізге керек екендігін, одан үйренетініміз әлі көп екендігін көрсетті. Горький, Пушкин, Достоевскийлерді қадірлеп, құрметтеп, құшақ жая қарсы алғанда, өз Абайымызды қалайша ескісің деп ысырып тастаймыз деген ойын ортаға салады. Ол жайындағы қате пікірлерді айқын дәлелдермен теріске шығарады.

«Біз екі ортада ептік, бұқпантайлық жасап, Абайды реті келсе мақтап, болмаса боқтап жүргендерге қарсымыз. Біз бұл мәселе: ашыққа шығармашылық (мәселе), Абай мәселесі мәдениет көзінен де, әдебиет көзінен де тексеріліп, еңбекшілер жұртшылығының алдында бұл мәселенің айқындалуын қажет (деп) табамыз. Абайдың сөздері, өлеңдері зор мағыналы тарихи оқиға. Ескіліктен біздің еншімізге қалған артық-кем болса да, жаман-жақсы болса да, бір ескерілетін мұра» [5, 126],- деп Абайдың мұрасын зерттеу керек, тексеру керек деп, оның шығармашылығын жоғары бағалап, мақаласын аяқтайды.

С.Садуақасұлы «Әдебиет әңгімелері» мақаласында ол жайында сөз қозғаған болатын. Бұл мақаласы сол тұста әдеби айтыстарға белсене араласқан, әдеби мұра жайында көзқарастарын ашық білдірген Сәбит Мұқановқа жауап ретінде жазылған. Мақала қазақ әдебиеті жайлы пікір алысуда қамтыған мәселелерінің ауқымдылығымен де, айтылған ойларының тереңдігімен ерекшеленеді. Автор: «Айтыс жаңа пікір, жаңа ой туғызады. Қазақ әдебиеті өзгеден өлсе де айтыстан өлмейді. Қазақ әдебиетін сынау керек. Сынайтын уақыт жетті. Қазақ әдебиеті ақсаса, сынның көптігінен емес, дұрыс сынның жоқтығынан ақсап отыр» [6, 291],- деп бірден пікірталастың әдебиет үшін пайдалы екендігін, қуаттайтынын білдіреді.

Қазақ халқының әлі күнге шейін хат танымас, кітап оқымас душар халін асқан батырлықпен әшкерелеп айтады. «Абай-мамайыңды біз білмейміз Бернияз-перниязыңды біз естігеніміз жоқ, осы күнгіге өзіміз де жараймыз» деушілер де болды. Егер бұлай деушілер бола қалса, олар біздің надандығымыздан басқа ешнәрсені дәлелдемес еді» [6, 292],- деп зерттеуші қараңғылықтың көгіндегі халқымыздың күйіне шарасыздық білдіреді.

«Сәбит жолдас «Еңбекші қазақта» басылған мақаласында «қазақ әдебиеті өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ» деді. Неге жеткен жоқ? Жетпесе, қашан жетпекші?» [6, 292],- деп үлгіге ескі әдеби мұраны, Абайды алға тартады.

С.Садуақасұлы Абай, Мағжан, Жүсіпбек, Бейімбет, Мұхтарлардың шығармаларын жоғары бағалайды. «Жүсіпбек пен Мұхтарды жоқ қылу осы күнгі қазақ әдебиетінің бір қолы мен аяғын кесіп тастаумен бір есеп» [6, 295],- деп анық айтты. Смағұлдың айтуынша, Абайсыз, Мағжансыз, Жүсіпбексіз қазақ әдебиетін жарымжан әдебиет деген сөз. Шындығында да, бұларсыз қазақ әдебиетін көзге елестету қиын.

С.Садуақасұлының «Қазақ әдебиеті», «Ұйымның әйелге көзқарасы», «Қазіргі дәуір – іс дәуірі», «Әдебиет әңгімелері» мақалаларында ұлы Абай жайында сөз қозғалады. Бұл мақалалардың барлығы сол тұста Абайдың кім екенін танытуда, оның шығармашылығын ұлықтауда аса маңызды болып келеді. Білім, ғылым, өнер мәнін түсінбеген халыққа Абайдың шығармаларының құдыреттілігін паш ету Смағұл сынды көкірегі ояу, оқымысты қазақ зиялылары үшін үлкен еңбек болды.

Қолданылған әдебиет

1. Қамзабекұлы Д. Смағұл Садуақасұлы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 256 бет.
2. Садуақасұлы Смағұл. Үш томдық шығармалар жинағы. Т. 3. Құраст. Д.Қамзабекұлы, – Астана: Нұр-Астана, 2013. – 376 бет.

3. "Қазақ" газеті. 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 476 бет.
4. Садуақасұлы Смағұл. Үш томдық шығармалар жинағы. Т. 2. Құраст. Д.Қамзабекұлы, - Астана: Нұр-Астана, 2013. – 360 бет.
5. Смағұл Садуақасұлы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том. Танымдық зерттеулер, мақалалар. – Алматы: «Алаш», 2003. – 352 бет.
6. Алаш ақиықтары. Т. 5. Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар / Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ; құрастырған Т. Жұртбай. – Алматы: Алаш, 2006. – 288 бет.

ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ «ПЕДАГОГИКА» ЕҢБЕГІ

Әбілсейтқызы Назерке

nazik_987@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті
«Филология: қазақ тілі» мамандығының III курс студенті
Ғылыми жетекші - С.Б.Жұмағұл

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары ұлттың мәдени және рухани ілгерлеуіне, сонымен қатар ғылымның қай саласында болмасын өркениет жолымен өркендеуіне қажетті мәселелерді ғылыми негізді шешуде шешуші қадамдар жасады. Соның барысында қоғамдық және жаратылыстану пәндері бойынша ана тілінде ғылыми еңбектер, оқулықтар мен оқу құралдары жазылды. Әсіресе, өткен XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары басылған кітаптар Алаш қоғам қайраткерлерінің ел алдындағы парызын өтеуде жиған-терген білімін халық игілігіне жаратудағы ыждахаттылықтарын тағы бір қырынан көрсетеді.

М.Дулатовтың құрастыруымен жарық көрген «Қазақ тілінде басылған кітаптарды көрсеткіш» (Қызылорда, 1926) кітабындағы Қазақстан мемлекет баспасы (Орынборда, Қызылордада), мұның Ташкендегі бөлімі, Мәскеудегі орталық баспа шығарған кітаптардың библиографиялық көрсеткішінен қазақ тілінде түрлі ғылым саласы бойынша жарық көрген еңбектердің мейлінше мол болғанын көреміз. Мысалы, А.Байтұрсынұлының «Баяншы» (Қазақ мұғалімдері үшін) (1920), «Әліппе астары» («Оқу құралы» деген қазақша әліппе бойынша үйретушілер үшін шығарылған баяншы) (1924), «Әліп би» (1926), «Тіл құрал» (1925), «Сауат ашқыш» (1924), Т.Шонанұлының «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы» (1926), А.Байтұрсынұлы мен Т.Шонанұлы бірігіп жазған «Оқу құралы» (1926), М.Дулатұлының «Оқу құралы» (1924), «Есеп құралы» (1925), Х.Досмұхаметұлының «Табиғаттану» Бірінші бөлім (1922), «Жануарлар» Бірінші бөлім. (1922), И.Токтыбайұлының «Жағырапия» (1922), «Түркістан» (1923), Ж.Тілеуұлының «Гигиена» (1924), Е.Омарұлының «Физика» (1924), Т.Шонанұлының «Орысқа қазақ тілін үйреткіш» (1925), М.Жұмабайұлының «Бастауыш мектепте ана тілі» (1923), «Педагогика» (Баланы тәрбие қылу жолдары) (1923), Ж.Аймауытұлының «Тәрбиеге жетекші» (Бала оқытушыларға), Н.Төрекүлұлының «Жаңа әліпби неге керек?» (1925), Х.Досмұхаметұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингормонизм» (Дыбыстардың үндестік заңы) (1924), С.Қожанұлының «Есеп тану құралы» (1924), К.Жәлелұлының «Есеп тану құралы» (1924), «Есеп тану жобасы» (1923) кітаптары, сонымен бірге түрлі ғылым салалары бойынша жасалған аудармалар соның нақты дәлелі деуге болады (1, 123-125). Міне, өз Отанының дамуына үлес қосар жастардың ана тілінде терең де жан-жақты білім алуына қажетті кітаптар шығаруда алғаш педагогикалық еңбегімен сара бағыт ұстанғандардың да көш басында болған Ғұмар Қараш еді.

1919 жылы Ордада қазақтың тұңғыш ғылыми-педагогикалық әдістемелік «Мұғалім» журналының бірнеше санында ақынның «Педагогика» атты еңбегі басылды.

Ғұмар мұрасын зерттеуші М.Тәжімұратов ақынның 1917-1918 жылдары қазақтан тұңғыш рет Ресей мен Сібір мұсылмандары Діни басқармасының қазіи болып жұмыс істеп